



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

многократно доказано на практике, профилактическая работа либо вообще не начинается, либо оказывается формальной.

Таким образом, еще раз подтверждается неразрывная связь информационного обеспечения и профилактики преступности: так, без соответствующих данных статистики невозможно начать планирование мероприятий, нацеленных на борьбу с преступностью.

Понимая под профилактикой преимущественно карательные мероприятия и устрашения, эксперты острые репрессии готовы направить на наиболее часто встречающиеся криминальные и антиобщественные проявления, практически независимо от степени их реальной опасности. Следовательно, можно ожидать, что в правоохранительных органах большую поддержку найдут программы предупреждения широко распространенных видов преступности.

Список использованных источников

1. Назарбаев Н.А. Казахстан-2030. Процветание, безопасности улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана. // Казахстанская правда. 11 октября 1997 г.
2. Криминология. - М., 2000. - 432 с.
3. Иншаков М.И. Зарубежная криминология. – М., 1997. - 374 с.
4. Собрание актов Президента Республики Казахстан и Кабинета Министров Республики Казахстан. – 1992, № 28.

ӘОЖ 340

ДІН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ САЯСАТЫНЫҢ ҚАЗІРГІ СИПАТЫ

Туленова Айну́р Мухтаровна

ainuwka_muhtarovna@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық құқық кафедрасының 1 курс магистранті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С.К. Амандыкова

Түйін

Бұл ғылыми мақалада мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы арақатынасын дамыту және жақсарту түсу мәселелері қарастырылады. Авторлар мемлекет пен дәстүрлі емес діни бірлестіктер арасындағы діни ағымдардың белгіленген тіркеуден өтуден бас тартуы туралы және де дәстүрлі емес діни ағымдардың өзгеше формаларының қоғамға кері әсері туралы талдау жасайды.

Кілтті сөздер: мемлекет, діни бірлестіктер, дәстүрлі емес діни ұйымдар, діні аясындағы заңнамалық актілер, мемлекеттік-конфессия. мемлекеттік тіркеу.

Аннотация

В данной статье рассматриваются актуальные проблемы развития и улучшений отношений между государством и религиозными организациями. Также авторы рассматривают вопрос о не прохождении нетрадиционных религиозных объединений в государственной регистрации, а также негативное влияния нетрадиционных религиозных движений на общество.

Ключевые слова: правительство, религиозные группы, нетрадиционные религиозные организации, законодательные акты в области религии, государственные -признания, государственная регистрация.

Annotation

This article discusses the actual problems of development and improvement of relations between the state and religious organizations. Also, the authors consider the issue of non-traditional religious associations passing into state registrations, as well as the negative impact of non-traditional religious movements on society.

Keywords: government, religious groups, non-traditional religious organizations, legislative acts in the field of religion, state recognition, state registration.

Елімізде жүргізіліп жатырған құқықтық реформалардың түпкі мақсаты Қазақстанда өзіндік бет-бейнесі бар ұлттық, құқықтық жүйені қалыптастыру болып табылады. Бұл мұраттарға жету жолында мемлекетіміздің болашақтағы саяси, экономикалық, мәдени, рухани бағыттарының дамуындағы сабақтастықтың сақталуының мәні мен маңызын еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің баяндамалары мен әр жылғы халыққа Жолдауларында негізгі бағыт ретінде әрқашан атап көрсетіп келеді. Бұл - халқымыздың «Есі кірген ел, ескісін іздейді», деген даналық ойын еске салғандай. Осыған орай біз халқымыздың тарихына үңілген сайын даланы игерген қазақ халқының өзіне көне дәуірлерге барып тірелетін тарихы, адамгершілік пен ұлағатты тағылымдарға толы рухани-мәдени қатынасы бар халық екенін аңғарамыз.

Мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы байланыс ұстанымдары қоғамдағы ар-ождан еркіндігі дәрежесінің деңгейін айқындайды. Қазақстан – әртүрлі мәдениет пен дін өкілдерінің бейбіт өмір сүріп отырған зайырлы мемлекет. Мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы арақатынас үлгісін ары қарай дамыту және жақсарту түсу бүгінгі күннің негізгі мәселелерінің бірі. 2011 жылы 25 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң өз күшіне енді. Бұл акт мемлекеттік-конфессионалды қатынасты дамыту және діни ахуалды жақсарту мақсатында қабылданған болатын. Заңның қайта қаралып, жаңа өзгертулер енгізілуінің тағы бір себебі осы екі онжылдықта қоғамымызда діннің рөлі айтарлықтай көтерілгендігі еді. Бұған дейін жұмыс жасап келген заңдар уақыт талабына сай әрдайым туындаған мәселелерді шеше алмады. 1990-2000 жылдары діни бірлестіктердің саны күрт өсіп, біздің елімізде бұрын болмаған діни ағымдар пайда бола бастады. Өкінішке орай, дінді әртүрлі экстремистік мақсатта пайдаланатын қатерлі жайттар орын ала бастады. Мұндай жағдайда жаңа Заңның міндеттеріне сәйкес діни бірлестіктердің қайтадан тіркеуден өтуі дер кезінде жасалынған дұрыс қадам болды. Өзіміз білетіндей, тіркеуге дейін елімізде 4551 діни бірлестік жұмыс атқаруда еді. Алдын ала есеп бойынша 2012 жылы 25 қазанда аяқталған тіркеуден кейін олардың саны 3088-ге дейін қысқарды. Бұрынғысынша діни сенімдегі адамдардың көпшілігін ислам бірлестігі құрады. Ал олардың қайта тіркеуден кейінгі саны 2228 болды. Сондай-ақ, 271 православ шіркеуінің бірлестігі қайта тіркелген болатын. Құқықтық аймақта 79 католик шіркеуінің субъектісі, 4 иудей қоғамы мен 2 будда бірлестігі жұмыс істеуде. Ал 462 бірлестік әртүрлі протестанттық ағымдар мен деноминацияны құрайды [1, 6].

Сонымен қатар, бұл дін мәселесі өзіндік тарихын ала тұра әлі күнге дейін өзіндік өзектілігін жойған емес. Қазақстан Республикасындағы дін аясы бірқатар заңнамалық актілермен: Конституциямен, Азаматтық кодекспен, «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңмен, басқа да нормативтік құқықтық актілермен сөз жүзінде реттелгенімен іс жүзінде айтарлықтай нәтиже жоқ. Себебі, әлі күнге дейін өз дінін асыра пайдаланып, тек мемлекетіміздің емес, басты қазынамыз-халқымыздың да өмірі күрт өзгеруде. Талай қара көзді қазақ аруларымыз бен қазақ жігіттеріміз өз құқықтарын біле алмағандықтан, шектеушілік шегін білмегендіктен елімізде осы өзекті мәселе соңы экстремизмге және терроризмге әкеліп соқты. Бәрімізге мәлім, соңғы үш-төрт жыл ішінде өз дінін асыра пайдаланып, бірнеше рет мемлекетімізге үлкен кері әсерін тигізіп келуде. Әрбір өзекті мәселеден кейін, заң шығарушы органдар адам құқығының тең екендігін, дінді ұстануда шектеу қоя алмайтындығы жайлы, алайда егер де заң бұзушылықтар орын алатын болса, заңға сәйкес шара қолданатындары жайлы бірнеше нормативтік-құқықтық актілер күшіне енді.

Қазақстан Республикасының аңнамасында «секта», «деструктивті культ», «тоталитарлы секта» және тағы да басқа термин-атаулары көрсетілмеген. Бірақ бұл атаулардың түсіндірмесі теологияда әртүрлі нұсқауларда кездеседі. Алайда, діни сенімге деген еркіндік және барлық діни бірлестіктерге деген теңдік көзқарасы тұрғысынан алғанда мемлекеттің «секта» немесе «деструктивтіпұт» сынды статустарды заңмен бекітуі құқықтық ұстанымға жатпайтын еді. Сонымен қоса, діндерді дәстүрлі және дәстүрлі емес деп бөлу ғылыми әдебиетте де бекітіліп қойған үйреншікті ұғымдар болып кеткен. Қазақстанда, біріншіге, яғни дәстүрлі дін тобына суниттік исламның ханафилық мазхабын және православ дінін жатқызады. Жекелеген

этнический топтар үшін католицизм, протестантизмнің кейбір бағыттары мен иудаизм сынды діндер жатқызылады. Бұған олардың таралуының ұзақ жылдарға созылған тарихы, діни сенімнің этникалық топтың қалыптасуындағы ролі негіз бола алады. Дәстүрлі емес діндер қатарына салыстырмалы түрде алғанда XIX–XX ғасырларда пайда болған, белгілі бір этникалық топтың тарихы мен пайда болуымен қатысы жоқ діндерді жатқызамыз [2, 8]. Олардың діни оқулары белгілі бір мемлекет немесе этностың қалыптасу тарихы мен мәдениетімен байланысты емес. Бұл діни ағымдардың кеңінен етек жайуы миссионерлік қызметпен байланысты. Деректер жергілікті халықтың жаңа діни қозғалыстарға деген қарама-қайшы пікірге толы көзқарастардың молшылығын дәлелдейді. Халық арасында бұл діни бірлестіктерге деген теріс пікір қалыптасқан және олар адамдарды дұрыс жолдан тайдырып, адастырады деп есептейді. Мемлекет пен дәстүрлі емес діни бірлестіктер арасындағы туындап отырған негізгі мәселе, ол – бұл діни ағымдардың белгіленген тіркеуден өтуден бас тартуы, қашуы болып отыр. Қазіргі Қазақстандағы мемлекеттік-конфессиялық... Мысалы, Кеңестік Одақ кезеңінен бері христиан-баптистердің евангелиялық кеңесі мемлекеттік тіркеуден өтуден бас тартып отыр. Тура осындай әрекетке реформациялық қозғалыстың адвентистері де барып отыр. Сонымен қатар, діни бірлестік деген атауы жоқ ұйымдардың қызметін атап көрсетуге болады. Бұған қоғамдық бірлестіктер, қорлар тіркелмеген қауымдастықтар жатады. Сарапшылардың пікіріне қарасақ, белгілі бір ұйымдар азаматтарға физикалық және психологиялық кері әсер беретін немесе олардың рухани құндылықтарын жоятын бағытта қызмет жасауда. Осындай әртүрлі қатарға тап болған азаматтардың шағымдары көптеп кездесуде. Бүгінгі күнде дәстүрлі емес діни бірлестіктердің өзгеше формадағы түрлері Қазақстан қоғамының рухани қауіпсіздігіне қатер туғызып отыр. Басқа шет жақтан елімізге келген дәстүрлі емес діни бірлестіктер Қазақстанда қалыптасқан әртүрлі діндер арасындағы тарихи бейбітшілік пен ынтымақтастыққа іріткі салғысы келетін идеология жүргізуде. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050 Стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз әлеуметтік, этникалық және діни таластар мен келеңсіздіктерге төтеп беру үшін жаңа, сенімді механизм қалыптастыруымыз керек. Дәстүрлі емес секталар мен күмәнді діни ағымдардың елімізде жұмыс істеуіне кедергі болу қажет?» – [3, 8] деп атап көрсетеді. Атап өту қажет, Қазақстан территориясында қызмет жасап отырған діни ағымдардың көпшілігі құқықтық формада, заң жүзінде жұмыс істеуде. Әрине, заң бұзушылық және тіркелмеген діни ұйымдардың жұмыстарын мемлекет тарапынан заң жүзінде тоқтату кездесіп отырады. Кейбіреулері мемлекеттің ислам мен православ діндеріне берілген ерекше құқықты зайырлы және заң алдында барлық діндер тең деген ұстанымнан ауытқу деп те көреді. Заңның белгілі бір дәстүрлі діндерге ерекше құқық беруі басқа діни ағымдарды шеттету деп көруге болады деген пікірлер айтқан болатын. Бірақ бұл көзқарас жоғарыда атап өткеніміздей негізсіз. Мемлекеттік органдардың ірі діни бірлестіктермен байланыс құруы басқа діни бірлестіктерге қатысты шеттету немесе теңсіздік деп қарау дұрыс емес. Заң ірі екі ислам мен православ дінін бөліп көрсету арқылы оларға ерекше құқықтар беріп отырған жоқ, себебі заң алдында барлығы тең. Заң алдындағы барлық діни бірлестіктердің құқықтық теңдігі Заңның 3-бабының 2-тармақшасында бекітілген: «Діни бірлестіктер мен Қазақстан Республикасының азаматтары, шет ел азаматтары және азаматтығы жоқтар дінге деген көзқарасына қарамай заң алдында бәрі тең» [4, 10]. Осы баптың 3-тармақшасында тағы бір маңызды бекіту бар: «Ешқандай дін мемлекеттік немесе міндетті дін болып бекітіле алмайды». Азаматтар мен діни бірлестіктердің белгілі бір сенімі сот ісінде, әлеуметтік көмек көрсетуде шектеу, еңбектік немесе қызметтік қатынастарда оларға берілген құқықтарды пайдалануда кедергі немесе себеп бола алмайды. Бірдей тең құқыққа ие бола отырып барлық діни бірлестіктер бірдей міндетке жүктеліп, заң бұзғандары үшін немесе атқарған істеріне теңдей жауап береді. Мемлекеттік органдар діни бірлестіктердің өкілдерін бүгінгі күнгі өзекті мәселелерді талқылауға шақыруда. Діндер арасындағы ынтымақтастықты, мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы толеранттылық пен бейбітшілікті сақтау, дамыту мақсатында дөңгелек үстелдер, семинарлар мен әр діни бірлестік өкілі қатысатын конференциялар ұйымдастырылуда. Қазақстанда мемлекеттік тіркеуден өтуде, құрылысқа рұқсат алуда, мекемені қайта жөндеуде, жер бөліп беруде, сондай-ақ, әртүрлі

қайырымдылық шаралар өткізуде ешқандай діни бірлестікке артықшылықтар берілмейді, заң алдында барлық діни бірлестіктер тең. Қазақстан Республикасы қабылдаған Заңда: «дінаралық келісім, діни толеранттылық пен азаматтардың діни сеніміне құрмет» деген преамбуланың көрсетілуі мемлекеттің дінге деген ұстанымын, саясатын айшықтап беріп отыр. Аталған ұстанымдарды Қазақстан Республикасы өзінің сыртқы саясатында да ұстанады. Бұған дәлел, Астана қаласында әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері өтті. Бұл шарада ОБСЕ мен ОИС аясында дінге деген толеранттылық пен шеттетуге жол бермеу мақсатында өтті. Заң алдындағы діни бірлестіктердің тең құқығын ұстана отырып, мемлекет оларға бірегей құқықтық жүйе қалыптастырып, қызметтерін жасауына мүмкіндік беріп отыр [5, 14].

Діни бірлестіктердің құқықтық деңгейі (жергілікті, аймақтық, республикалық) олардың саны мен мемлекет аумағындағы таралуына байланысты. Діни бірлестіктерге көрсетіліп отырған тіркеуге тұрғызуға деген қатаң ережелер азаматтардың діни сеніміне шектеу қою емес. Мемлекеттік заңнамамен тек діни бостандық, конституциялық құрылым, азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздіктеріне зиян келмеуін бақылайды және қоғамға қатер төнуден сақтайды. Діни ұйымдарды қайта тіркеуден өткізу мемлекеттің діни сападағы саясатын дұрыс жүргізудегі алғашқы қадамдарының бірі болды. Ендігі кезектегі қадамдар азаматтардың құқығын, еркін қорғау, діни сеніміне шектеу қоймау сынды және қоғамға кері әсерін тигізбеуге бағытталады. Еліміздегі дінаралық бейбітшілік пен ынтымақтастықты ары қарай дамыту негізгі мақсаттардың бірі болып қала бермек. Діни бірлестіктердің қызметін жасауда мемлекет толыққанды теңдік пен еркіндік береді. Алайда практикада демократиялық елдер әртүрлі діни конфессиялармен ынтымақтастық құруы жиі кездесіп тұрады. Бұл құбылыс белгілі бір конфессияның тарихи қалыптасуы мен әлеуметтік көзқарасы және ұстанушылардың көп болуымен тығыз байланысты. Бұған дейінгі мемлекет пен дін арасындағы қатынас тамыры атеизмге апаратын байланыста болды. Бірақ та қазіргі таңда 90 пайыз азаматтар өздерін діни сенімдегілерміз деп атап тұрған жағдайда мемлекеттің бұрынғы кеңестік форматтағы байланысты орнатуы дұрыс емес болатын еді. Діннің мемлекеттегі маңыздылығының артуына байланысты уақыт өте келе азаматтардың көпшілігі ұстанатын дінмен мәдени-тарихи және рухани байланыс құруға болады. Бұл қадам басқа дін иелерін заң алдында шеттету емес. Қазақстан адамгершілік құндылықтарды сақтау мен қолдау, патриотизм мен гуманизм, сан ғасырлық отандық мәдени дәстүрді сақтау сынды ұлттық ерекшеліктерін негізге алған өзінің мемлекеттік-конфессионалды қарым-қатынас моделін ары қарай жалғастыруы қажет. Осыған сәйкес, елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Біздің тарихи-таңдауымыз-зайырлы мемлекет пен қоғам. Бірақ зайырлы деген атеистік дегенді білдірмейді. Зайырлы дегеніміз – ілгерішіл, бейбіт сүйгіш, толерантты, ашық қоғам. Біз дәстүрлі діндерді қолдаймыз, бірақ кез келген экстремизмді түбегейлі жоққа шығарамыз. Мен жастарды біздер үшін жат радикалды діни ағымдардан қорғауымыз қажеттігіне сенімдімін. Біздің ұлы даламыз мыңдаған жылдар бойы төзімді болды» [6, 18]. Біздің қоғамның тұрақты дамуының берік кепілі-мемлекетіміздің зайырлы қағидаттарын терең зерттеу болып табылады. Дін-бұл адамның жаны мен әдебінің аясы. Әрбір дін өкілінің уағыздайтын жоғары адамзаттық құндылықтары мемлекет тарапынан әрқашан қолданып, құрметтеледі.

Әрине, діннің үстемдігі бірлікті, ынтымақтастықты ұлғайтады, алайда, «әр нәрсенің өз шегі бар» демекші, дінді де ұстануда қай ағымда қай бағытта екенімізді білсек екен. Бұл үлкен маңызды мәселе, себебі шаңырақ яғни, мемлекетімізді гүлдендіретін де сөндіретін де – дін!. Алдағы уақытта, дін аясындағы өзекті мәселелер мемлекет басшыларының қолдауымен өз шешімін табады деген сенімдеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Смағұлов Е.//Діннің қазіргі әлемге ықпалы.– Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 374 с
2. Смағұлов А.А.// Шариат заңдарындағы адам құқықтары мен бостандықтары және олардың дәстүрлі қазақ қоғамындағы іске асу ерекшеліктері.- Алматы, 2009
3. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050 жалпыға ортақ стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» <http://www.inform.kz/kz/kr-prezidentinin-kazakstan-2050->

4. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483>

5. Құланбай Ә. Заңнама толыққанды болса, діни экстремизмге жол берілмейді // Егемен Қазақстан. — 2008. — 27 маус. — № 192,193. — 2-б.

6. Н.Ә.Назарбаев// Конфессиарлық келісім, толеранттылық және дін туралы.- Астана, 2014ж

УДК 340

ОБСТОЯТЕЛЬСТВА ИСКЛЮЧАЮЩИЕ ПРЕСТУПНОСТЬ ДЕЯНИЯ

Турганбекова Айдана Ерлановна
магистрант Университета «Туран-Астана»

Известно, что преступлением признается деяние, если оно отвечает таким обязательным условиям, как противоправность, общественная опасность, виновность и наказуемость. Отсутствие любого из этих признаков означает и отсутствие преступности деяния. В ряде случаев, будучи внешне схожим с обозначенными выше признаками преступления, оно в то же время может быть лишено этих признаков, то есть не является преступлением. Им не могут быть, например: необходимая оборона, причинение вреда при задержании лица, совершившего преступление, крайняя необходимость, физическое или психическое принуждение, обоснованный риск, исполнение приказа или распоряжения.

В перечисленных видах деяния отсутствует состав преступления, следовательно, отсутствует и основание уголовной ответственности лица, совершившего это деяние. Более того, социальная природа их такова, что деяние не только не признается неправомерным, то есть неправомерным, но и социально-полезным, так как оно направлено на защиту личности, государства и общества. Так, например, необходимая оборона направлена на защиту личности, охраняемых законом интересов общества и государства от общественно опасного посягательства со стороны преступника, крайняя необходимость обуславливает защиту более ценных благ за счет менее значимого[1].

Закон наделяет граждан правом на поведение, исключающее преступность деяния. Подобного рода деятельность одобряется обществом и государством. Отказ от нее не влечет никакой правовой ответственности граждан. В то же время для определенных должностных лиц и представителей некоторых профессий действия по реализации необходимой обороны и иных действий, исключающих общественную опасность деяния, являются правовой обязанностью. Во всех этих случаях причинение определенного вреда правоохраняемым интересам вызвано необходимостью достижения социально полезных целей: защиты прав человека, интересов общества и государства.

Статьи действующего УК РК, раскрывающие нам содержание обстоятельств, исключающих преступность деяния, являются диспозитивными нормами, то есть позволяют лицу в каждом конкретном случае выбирать между несколькими вариантами поведения, не предписывая четко определенных и безальтернативных действий. И такой подход в полной мере отражает принципы гуманизма и справедливости, отраженные в первой главе УК РК. Они справедливы по отношению к лицу, к примеру, подвергшемуся нападению, потому что позволяют ему защищать свою жизнь и здоровье любыми средствами. Гуманизм же здесь присутствует по отношению к нападающему, так как потерпевшему не дано прямого указания убивать его или причинять вред его здоровью.

Действия (бездействие) лица в таких случаях внешне сходны с признаками деяния, предусмотренного уголовным законом. И чтобы разобраться в составе подобных обстоятельств, необходимо сначала определиться с тем, что же мы имеем в виду под данными